

**«ҚазМұнайГаз» Барлау Өндіру» акционерлік қоғамы акционерлерінің
жылдық жалпы жиналысының**

ХАТТАМАСЫ

Қазақстан Республикасы, 010000, Астана қ., Қабанбай батыр даңғылы, 17 мекенжайы бойынша орналасқан «ҚазМұнайГаз» Барлау Өндіру» акционерлік қоғамының (бұдан әрі – «Қоғам») жалпы акционерлерінің жылдық жиналысы (бұдан әрі – «Жиналыс») 2018 жылғы 22 мамырда Қазақстан Республикасы, Астана қаласы, Қабанбай батыр даңғ., 17, акті залы, 3-қабат мекенжайы бойынша сағат 10.00 минутта өткізілді.

Қоғамның атқарушы органының толық атауы мен орналасқан жері:

«ҚазМұнайГаз» Барлау Өндіру» акционерлік қоғамы Басқармасы, Қазақстан Республикасы, 010000, г. Астана, Қабанбай батыр даңғ., 17.

Қоғамның құқықтық мәселелер жөніндегі басқарушы директоры Оразбеков Марлен Армияұлы Жиналысты ашық деп жариялады және Қоғамның есеп комиссиясының мүшесі Әлиақпарова Айгүл Алтынбекқызына сөз берді.

Есеп комиссиясының мүшесі 2018 жылғы 25 сәуірдегі жағдай бойынша «Бағалы қағаздардың бірыңғай тіркеушісі» АҚ ұсынған Қоғам акционерлерінің тізіміне сәйкес Қоғам орналастырған акциялардың жалпы саны 74 357 042 дананы, оның ішінде артықшылықты акциялар – 4 136 107 дананы, жай акциялар – 70 220 935 дананы құрайтындығын хабарлады.

Қоғамның Жиналысына:

1. «ҚазМұнайГаз» Ұлттық Компаниясы» АҚ-дан 43 087 006 жай акциялардың иесі, «ҚазМұнайГаз» ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамының өндірісті оңтайландыру жөніндегі департаментінің директоры, Баян Зухра Баянқызы 2018 жылғы 18 қаңтардағы № 113-38 сенімхат бойынша іс-қимыл жасайды;

2. 13 242 артықшылықты акцияның иесі Рахымжанов Қанат Хамитұлы;

3. 252 артықшылықты акцияның иесі «ZIM Capital» АҚ-дан «ZIM Capital» акционерлік қоғамы басқармасының төрағасы Нұркенов Ерке Ерлікұлы қатысты (05.01.2018ж. № 03-К бұйрығы);

4. 176 артықшылықты акцияның иесі Бисұлтанов Қуат Мелисұлы қатысты.

Қазақстан Республикасының «Акционерлік қоғамдар туралы» Заңының 13 бабының 3-тармағына сәйкес, басымдықты акция акционерге жоғарыда көрсетілген баптың 4-тармағында белгіленген жағдайларды есептемегенде, қоғамды басқаруға қатысу құқығын бермейді.

Қазақстан Республикасының «Акционерлік қоғамдар туралы» Заңының 1 бабының 8) тармақшасына сәйкес, дауыс беруші акциялардың құрамына қоғам қайта сатып алған акциялар, сондай-ақ номиналдық ұсталынып тұрған және орталық депозитарийдің есеп жүйесінде жоқ меншік иесіне тиесілі акциялар кірмейді.

Жиыны: Жиналысқа қатысу және онда дауыс беруге құқығы бар, Қоғамның 43 087 006 жай акциясы бар, яғни 2018 жылғы 25 сәуірдегі жағдай бойынша акция ұстаушылар тізілімінің жүйесі деректерінің негізінде Қоғамның дауыс беруші акцияларының жалпы санынан жиыны 99,97%-ға ие акционердің 1 өкілі тіркелді.

Қазақстан Республикасының «Акционерлік қоғамдар туралы» Заңы 45-бабының 1-тармағының негізінде егер жиналысқа қатысушыларды тіркеу аяқталған сәтке акционерлердің тізіміне енгізілген, оған қатысуға және онда дауыс беруге құқығы бар, жиыны қоғамның дауыс беруші акцияларының елу және одан көп пайызына ие акционерлер мен олардың өкілдері тіркелсе акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібінің мәселелері бойынша қарауға және шешім қабылдауға құқылы.

Жоғарыда айтылғандардың негізінде, акционерлердің жылдық жалпы жиналысын өткізу және оның күн тәртібінің мәселелері бойынша дауыс беру үшін кворум бар.

Қоғамның құқықтық мәселелер жөніндегі басқарушы директоры Оразбеков Марлен Армияұлы Қазақстан Республикасының «Акционерлік қоғамдар туралы» Заңының 46 бабының 2-тармағына сәйкес, акционерлердің жалпы жиналысын өткізу кезінде есептеу комиссиясының мүшесі жоқ болған жағдайда жиналыс өткізу кезеңіне есептеу комиссиясының мүшесін қосымша сайлауға рұқсат беріледі. Жоғарыда айтылғандарға сәйкес, жұмыс істеп тұрған есептеу комиссиясының төрағасы Нұрмағамбетова Ләззат Қалыбекқызының болмауына және жұмыс істеп тұрған есептеу комиссиясының мүшесі Искаков Шыңғыс Ғабитұлын Қоғамның корпоративтік хатшысы етіп сайлануына байланысты, Жиналыс өткізу кезеңінде Қоғамның корпоративтік хатшы қызметінің жетекші талдаушысы Сүйлейменова Айгерім Болатқызы мен Қоғамның заң департаментінің жетекші заңгері Мұстафина Айгүл Есләмбекқызын есептеу комиссиясының мүшелері етіп сайлау, сондай-ақ жұмыстеп тұрған есептеу комиссиясының мүшесі Әлиакпарова Айгүл Алтынбекқызын Қоғамның есептеу комиссиясының төрайымы етіп сайлау ұсынылады.

Аталған мәселе дауыс беруге қойылды. Дауыс беруге қатысқан дауыстардың жалпы саны – 43 087 006 дауыс.

Дауыс бергендер:

- «Қолдап» - 43 087 006 дауыс;
- «Қарсы» - дауыс берілген жоқ;
- «Қалыс қалды» - дауыс берілген жоқ.

Жиналыстың шешімі қабылданды: Жиналыс өткізу кезеңінде Қоғамның есептеу комиссиясының мынадай құрамы сайлансын:

1. Қоғамның комплаенс жөніндегі бақылаушысының міндетін атқаруы Әлиакпарова Айгүл Алтынбекқызы – есептеу комиссиясының төрағасы ретінде;

2. Қоғамның корпоративтік хатшы қызметінің жетекші талдаушысы Сүйлейменова Айгерім Болатқызы – есептеу комиссиясының мүшесі ретінде;

3. Қоғамның заң департаментінің жетекші заңгері Мұстафина Айгүл Есләмбекқызын - есептеу комиссиясының мүшесі ретінде.

М.А. Оразбеков Қоғам Жиналысының төрағасы етіп «ҚазМұнайГаз» Ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамының атқарушы вице-президенті – қаржылық директоры Қарабаев Дәурен Сапарәліұлын сайлауды ұсынды.

Аталған мәселе дауыс беруге қойылды.

Дауыс беруге қатысқан дауыстардың жалпы саны – 43 087 006 дауыс.

- «Қолдап» - 43 087 006 дауыс;
- «Қарсы» - дауыс берілген жоқ;
- «Қалыс қалды» - дауыс берілген жоқ.

Жиналыстың шешімі қабылданды: «ҚазМұнайГаз» Ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамының атқарушы вице-президенті – қаржылық директоры Қарабаев Дәурен Сапарәліұлы Қоғам Жиналысының төрағасы етіп сайлансын.

М.А. Оразбеков Қоғам Жарғысының 85-тармағына сәйкес, Қоғамның корпоративтік хатшысы Жиналыстың хатшысы болып табылады. Осыған байланысты, Қоғамның корпоративтік хатшысы Исаков Шыңғыс Ғабитұлын Жиналыстың хатшысы етіп сайлау ұсынылды.

Бұл мәселе дауыс беруге шығарылды. Қойылған мәселе бойынша дауыс беруге қатысқан дауыстардың жалпы саны – 43 087 006 дауыс.

- «Қолдап» - 43 087 006 дауыс;
- «Қарсы» - дауыс берілген жоқ;
- «Қалыс қалды» - дауыс берілген жоқ.

Жиналыстың шешімі қабылданды: Қоғамның корпоративтік хатшысы Исаков Шыңғыс Ғабитұлы Жиналыстың хатшысы етіп сайлансын.

М.А. Оразбеков Жиналыстың төрағасы Д.С. Қарабаевқа сөз берді.

Одан кейін, Жиналыстың төрағасы Д.С. Қарабаев Қоғамның Жиналысында дауыс берудің тәртібі мен нысанын акционерлердің назарына жеткізді. Қазақстан Республикасының «Акционерлік қоғамдар туралы» Заңы 50-бабының 1-тармағына сәйкес акционерлердің жалпы жиналысында дауыс беру мына: 1) Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде көзделген жағдайларда бір акционерге ұсынылатын акциялар бойынша дауыстардың ең жоғарғы санын шектеу; 2) директорлар кеңесінің мүшелерін сайлау кезінде кумулятивтік дауыс беру; 3) акционерлердің жалпы жиналысында дауыс беруге құқы бар әр адамға акционерлердің жалпы жиналысын өткізудің процедуралық мәселелері бойынша бір дауыстан беру принципі бойынша жүзеге асырылады. Күн тәртібінің барлық мәселелері бойынша дауыс беру нысанын ашық тәсілмен белгілеу ұсынылды.

Аталған мәселе дауыс беруге қойылды. Дауыс беруге қатысқан дауыстардың жалпы саны – 1 дауыс

Дауыс берді:

- «Қолдап» - 1 дауыс;
- «Қарсы» - дауыс берілген жоқ;
- «Қалыс қалды» - дауыс берілген жоқ.

Жиналыстың шешімі қабылданды: Қазақстан Республикасының «Акционерлік қоғамдар туралы» Заңы 50-бабының 1-тармағына сәйкес дауыс берудің тәртібі; Қоғамның Жиналысында күн тәртібінің мәселелері бойынша дауыс берудің нысаны – ашық тәсілмен белгіленсін.

Қоғам Жиналысының төрағасы Д.С. Қарабаев Жиналыстың регламентін айқындау мәселесі бойынша Қоғам Жиналысының хатшысы Ш.Ғ. Исаковқа сөз берді, ол күн тәртібінің мәселелері бойынша сөйлеушілерге он минутқа дейін, жарыссөздерде сөйлеушілерге бес минутқа дейін, дауыстарды санау жөніндегі есеп комиссиясына жеті минутқа дейін уақыт беруді ұсынды.

Аталған мәселе бойынша басқа ұсыныстар түспегендіктен, мәселе дауыс беруге қойылды. Дауыс беруге қатысқан дауыстардың жалпы саны – 1 дауыс

Дауыс берді:

- «Қолдап» - 1 дауыс;
- «Қарсы» - дауыс берілген жоқ;
- «Қалыс қалды» - дауыс берілген жоқ.

Жиналыстың шешімі қабылданды: Қоғам Жиналысының мынадай жұмыс регламенті бекітілсін: күн тәртібінің мәселелері бойынша сөйлеушілерге он минутқа дейін, жарыссөздерде сөйлеушілерге бес минутқа дейін, дауыстарды санау жөніндегі есеп комиссиясына жеті минутқа дейін.

Қоғам Жиналысының төрағасы Д.С. Қарабаев күн тәртібінің мәселесі бойынша Қоғам Жиналысының Хатшысы Ш.Ғ. Исаковқа сөз берді. Ш.Ғ. Исаков 2018 жылдың 20 ақпанында Қоғамның Директорлар кеңесі акционерлердің жылдық жалпы жиналысын шақыру туралы шешім қабылданғандығын хабарлады. Жиналысты шақыру туралы ақпараттық хабарлама 2018 жылдың 6 сәуірінде "Егемен Қазақстан" және "Казахстанская правда" газеттерінде жарияланғандығын хабарлады. Күн тәртібіне толықтырулар мен өзгерістер енгізу туралы ұсыныстар түскен жоқ.

Осылайша, мынадай күн тәртібін бекіту ұсынылады:

- 1) 2017 жыл ішіндегі жылдық шоғырландырылған қаржылық есептілікті бекіту;
 - 2) Есепті қаржы жыл ішінде Қоғамның таза кірісін бөлу тәртібін, жай және артықшылықты акциялар бойынша дивидендтер төлеу туралы шешім қабылдау және Қоғамның 1 (бір) жай және 1 (бір) басымдықты акциясына есептегендегі дивиденд мөлшерін белгілеу.
 - 3) Қоғамның жылдық есебін, директорлар кеңесі мен басқармасының жұмысы туралы жылдық есепті бекіту.
 - 4) Акционерлердің Қоғам мен оның лауазымды адамдарының іс-әрекетіне өтініштері және 2017 жылы оларды қарау қортындылары туралы ақпарат.
 - 5) 2017 жылы Қоғамның Директорлар кеңесі және басқарма мүшелерінің сыйақы мөлшері және құрамы туралы ақпарат.
 - 6) Қоғамның Директорлар кеңесінің сандық құрамын белгілеу.
 - 7) Қоғамның директорлар кеңесінің уәкілеттігі мерзімін белгілеу.
 - 8) Қоғамның директорлар кеңесінің мүшелерін сайлау.
 - 9) Директорлар кеңесінің мүшелеріне олардың өз міндеттерін атқарғаны үшін берілетін сыйақы берудің және шығындарын өтеудің мөлшері мен талаптарын белгілеу.
- Аталған мәселе бойынша басқа ұсыныстар түспегендіктен, мәселе дауыс беруге қойылды. Дауыс беруге қатысқан дауыстардың жалпы саны – 43 087 006 дауыс.

- «Қолдап» - 43 087 006 дауыс;
- «Қарсы» - дауыс берілген жоқ;
- «Қалыс қалды» - дауыс берілген жоқ.

Жиналыстың шешімі қабылданды: Жиналыстың мынадай күн тәртібі бекітілсін:

- 1) 2017 жылға арналған жылдық шоғырландырылған қаржылық есептілікті бекіту;
- 2) Есепті қаржы жыл ішінде Қоғамның таза кірісін бөлу тәртібін, жай және артықшылықты акциялар бойынша дивидендтер төлеу туралы шешім қабылдау және Қоғамның 1 (бір) жай және 1 (бір) басымдықты акциясына есептегендегі дивиденд мөлшерін белгілеу.
- 3) Қоғамның жылдық есебін, директорлар кеңесі мен басқармасының жұмысы туралы жылдық есепті бекіту.
- 4) Акционерлердің Қоғам мен оның лауазымды адамдарының іс-әрекетіне өтініштері және 2017 жылы оларды қарау қортындылары туралы ақпарат.

- 5) 2017 жылы Қоғамның Директорлар кеңесі және басқарма мүшелерінің сыйақы мөлшері және құрамы туралы ақпарат.
- 6) Қоғамның Директорлар кеңесінің сандық құрамын белгілеу.
- 7) Қоғамның директорлар кеңесінің уәкілеттігін белгілеу.
- 8) Қоғамның директорлар кеңесінің мүшелерін сайлау.
- 9) Директорлар кеңесінің мүшелеріне олардың өз міндеттерін атқарғаны үшін берілетін сыйақы берудің және шығындарын өтеудің мөлшері мен талаптарын белгілеу.

Күн тәртібінің **бірінші мәселесі бойынша** Қоғам Жиналысының төрағасы Д.С. Қарабаев Қоғамның Бас директорының экономика және қаржы жөніндегі орынбасары Абдулғафаров Дастан Елемесұлына сөз берді.

Д.Е. Абдулғафаров Қоғам Жарғысының 103-тармағының 12) тармақшасына сәйкес Қоғамның жылдық шоғырландырылған қаржылық есептілігін және жылдық есебін бекіту акционерлердің жалпы жиналысының айрықша құзыретіне жатқызылғандығын хабарлады.

«Эрнст энд Янг» ЖШС тәуелсіз аудиторлары 2017 жыл ішіндегі Қоғамның шоғырландырылған қаржылық есептілігіне аудит жүргізді.

Қоғам Жарғысының 108-тармағының 5) тармақшасына, сондай-ақ Қоғам директорлар кеңесінің Аудит комитеті туралы ережеге сәйкес осы қаржылық есептілік 2018 жылғы 20 ақпанда Қоғамның аудит жөніндегі комитеті мен директорлар кеңесінде қаралды және алдын ала бекітілді. Шоғырландырылған қаржылық есептілік өзіне мыналарды қамтиды:

- Тәуелсіз аудиторлардың есебі;
- Қаржылық жағдай туралы шоғырландырылған есеп;
- Жиынтық кіріс туралы шоғырландырылған есеп;
- Ақша қаражаттарының қозғалысы туралы шоғырландырылған есеп;
- Капиталдағы өзгерістер туралы шоғырландырылған есеп;
- Шоғырландырылған қаржылық есептілікке ескертулер.

Қоғамның жылдық шоғырландырылған қаржылық есептілі және аудиторлық есебі www.kmger.kz мекенжайы бойынша корпоративтік веб-сайтта қолжетімді, сондай-ақ Қоғам акционерлерінің сұрауы бойынша беріледі.

Қоғам акционерлерінің қарауына «Қоғамның 2017 жылға арналған шоғырландырылған жылдық қаржылық есептілігін бекітілсін» шешімі шығарылды.

Мәселе дауыс беруге қойылды. Дауыс беруге қатысқан дауыстардың жалпы саны – 43 087 006 дауыс.

- «Қолдап» - 43 087 006 дауыс;
- «Қарсы» - дауыс берілген жоқ;
- «Қалыс қалды» - дауыс берілген жоқ

Жиналыстың шешімі қабылданды:

Қоғамның 2017 жылға арналған шоғырландырылған жылдық есептілігі бекітілсін.

Күн тәртібінің **екінші мәселесі бойынша** Қоғам Жиналысының төрағасы Д.С. Қарабаев Қоғамның Бас директорының экономика және қаржы жөніндегі орынбасары Абдулғафаров Дастан Елемесұлына сөз берді.

Д.Е. Абдулғафаров Қазақстан Республикасының «Акционерлік қоғамдар туралы» Заңының (бұдан әрі – АҚ туралы Заң) 44-бабы 3-тармағының 3) тармақшасына, сондай-ақ Қоғам Жарғысының 74-тармағының 3) тармақшасына сәйкес акционерлердің жылдық жалпы жиналысының күн тәртібі мәселелері бойынша материалдар Директорлар кеңесінің Қоғамның өткен қаржы жылындағы таза кірісін бөлудің тәртібі мен Қоғамның бір жай және бір артықшылықты акциясына есептегендегі жыл дивидендінің мөлшері туралы ұсынысын қамтуы тиіс екенін хабарлады. Қоғам Жарғысының 37-тармағына сәйкес дивидендтер алуға құқы бар акционерлердің тізімін жасау күні дивидендтерді төлеу туралы шешім қабылданған күннен кейінгі 10 күнтізбелік күннен ерте белгіленбеуі тиіс. Дивидендтерді төлеуді бастау дивиденттер алуға құқы бар акционерлердің тізімін келісу күнінен кейінгі 30 күнтізбелік күннен ерте емес күнге белгіленеді.

2018 жылғы 10 сәуірдегі мәжілісте Қоғамның Директорлар кеңесі акционерлердің жылдық жалпы жиналысына Қоғамның таза кірісін бөлудің тәртібі мен 2017 жылдың қортындылары бойынша Қоғамның бір жай және бір артықшылықты акциясына есептегендегі дивидендтің мөлшерін бекітуді ұсынды.

Жоғарыда айтылғанды және Қоғам Директорлар кеңесінің ұсынысын ескере отырып, акционерлердің жылдық жалпы жиналысына Қоғамның 2017 жылғы таза кірісін бөлудің мынадай тәртібі мен Қоғамның бір артықшылықты және бір жай акциясына есептегендегі 2017 жылғы дивидендтің мөлшерін бекіту ұсынылды:

1. Қоғамның (толық атауы: «ҚазМұнайГаз» Барлау Өндіру» акционерлік қоғамы; орналасқан жері: Қазақстан Республикасы, Астана қаласы, Қабанбай батыр даңғылы, 17; банктік деректемелері: БСН 040340001283, IBAN KZ656010111000022542, SWIFT HSBKZKX, «Қазақстан Халық Банкі» АҚ, Астана аймақтық филиалы) 2017 жылғы таза кірісін бөлудің мынадай тәртібі және Қоғамның бір жай және бір артықшылықты акциясына есептегендегі дивидендтің мөлшері бекітілсін:

1) Қоғамның бір жай акциясына шаққандағы 2017 жылғы дивидендтің мөлшері 0 (нөл) теңге сомасын құрайды;

2) Қоғамның бір артықшылықты акциясына шаққандағы 2017 жылғы дивидендтің мөлшері 25 (жиырма бес) теңге сомасын (оның ішінде Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен төленетін салық сомасы) құрайды;

3) 2017 жылғы бір жай және бір артықшылықты акциясына шаққандағы дивиденд мөлшерінің дивидендтер алу құқығы бар акционерлердің тізімін тіркеу күніндегі айналымдағы тиісті акциялар санына көбейтіндісіне тең соманы Қоғам акционерлерінің дивидендтерін төлеуге жіберу;

4) дивиденд алу құқығы бар акционерлердің тізімін тіркеу күні мен уақыты – 2018 жылдың 1 маусымы, 00 сағат 00 минут;

5) дивидендтер төлеуді бастау күні – 2018 жылдың 2 шілдесі;

6) дивидендтерді төлеу тәртібі мен нысаны – акционерлердің банктік шоттарына қолма-қол ақшасыз аудару арқылы дивидендтер алу құқығы бара акционерлердің тізімі бойынша.

2. Қоғамның бас директоры (басқарма төрағасы) Қ.О. Есқазиев Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес, осы шешімнен туындайтын қажетті шараларды қабылдасын.

Мәселе дауыс беруге қойылды. Дауыс беруге қатысқан дауыстардың жалпы саны – 43 087 006 дауыс.

- «Қолдап» - 43 087 006 дауыс;
- «Қарсы» - дауыс берілген жоқ;
- «Қалыс қалды» - дауыс берілген жоқ

Жиналыстың шешімі қабылданды:

Жоғарыда айтылғанды және Қоғам Директорлар кеңесінің ұсынысын ескере отырып, акционерлердің жылдық жалпы жиналысына Қоғамның 2017 жылғы таза кірісін бөлудің мынадай тәртібі мен Қоғамның бір артықшылықты және бір жай акциясына есептегендегі 2017 жылғы дивидендтің мөлшері бекітілсін:

1. Қоғамның (толық атауы: «ҚазМұнайГаз» Барлау Өндіру» акционерлік қоғамы; орналасқан жері: Қазақстан Республикасы, Астана қаласы, Қабанбай батыр даңғылы, 17; банктік деректемелері: БСН 040340001283, IBAN KZ656010111000022542, SWIFT HSBKZZKX, «Қазақстан Халық Банкі» АҚ, Астана аймақтық филиалы) 2017 жылғы таза кірісін бөлудің мынадай тәртібі және Қоғамның бір жай және бір артықшылықты акциясына есептегендегі дивидендтің мөлшері бекітілсін:

1) Қоғамның бір жай акциясына шаққандағы 2017 жылғы дивидендтің мөлшері 0 (нөл) теңге сомасын құрайды;

2) Қоғамның бір артықшылықты акциясына шаққандағы 2017 жылғы дивидендтің мөлшері 25 (жиырма бес) теңге сомасын (оның ішінде Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен төленетін салық сомасы) құрайды;

3) 2017 жылғы бір жай және бір артықшылықты акциясына шаққандағы дивиденд мөлшерінің дивидендтер алу құқығы бар акционерлердің тізімін тіркеу күніндегі айналымдағы тиісті акциялар санына көбейтіндісіне тең соманы Қоғам акционерлерінің дивидендтерін төлеуге жіберу;

4) дивиденд алу құқығы бар акционерлердің тізімін тіркеу күні мен уақыты – 2018 жылдың 1 маусымы, 00 сағат 00 минут;

5) дивидендтер төлеуді бастау күні – 2018 жылдың 2 шілдесі;

6) дивидендтерді төлеу тәртібі мен нысаны – акционерлердің банктік шоттарына қолма-қол ақшасыз аудару арқылы дивидендтер алу құқығы бара акционерлердің тізімі бойынша.

2. Қоғамның бас директоры (басқарма төрағасы) Қ.О. Есқазиев Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес, осы шешімнен туындайтын қажетті шараларды қабылдасын.

Күн тәртібінің **үшінші мәселесі бойынша** Қоғам Жиналысының төрағасы Д.С. Қарабаев корпоративтік қаржыландыру және инвесторлармен жұмыс департаменті директорының орынбасары Маралова Мирамгүл Болатқызына сөз берді.

М.Б. Маралова Қоғам Жарғысының 49-тармағына сәйкес, сондай-ақ Ұлыбритания мен Солтүстік Ирландияның Біріккен Корольдігінің Листингтік агенттігінің ашу және анықтылық қағидаларының (UKLA's Disclosure and Transparency Rules) талаптарына сәйкес келу және Қоғамның Қоғам Корпоративтік басқару кодексінде ұсынылған корпоративтік басқару стандарттарын сақтауы мақсатында Қоғам басқармасы Қоғамның жылдық есебін дайындайды, Қоғамның директорлар кеңесі оны мақұлдап, акционерлердің жалпы жиналысының қарауына береді.

Қоғам Жарғысының 103-тармағының 12) тармақшасына сәйкес Қоғамның жылдық есебін бекіту акционерлердің жалпы жиналысының айрықша құзыретіне жатады.

Қоғамның директорлар кеңесі туралы ереженің 9-тарауының 9.1-тармақшасына сәйкес, директорлар кеңесі акционерлердің жылдық жалпы жиналысына директорлар кеңесі мен басқарма олар бойынша шешімдер қабылдайтын мәселелер туралы толық ақпаратты қоса алғанда, директорлар кеңесі мен басқарманың жұмысы туралы есеп ұсынуы қажет.

Акционерлердің жылдық жалпы жиналысының 2017 жылғы 23 мамырдағы шешімімен директорлар кеңесінің сандық құрамы белгіленді – 8 адам және 2017 жылғы 23 мамырдан бастап 2018 жылғы 23 мамырға дейінгі өкілеттік мерзімі белгіленген.

2017 жылғы 23 мамырдағы акционерлердің жылдық жалпы жиналысының қортындылары бойынша директорлар кеңесінің мынадай жеке құрамы сайланды:

1. Гончаров Игорь Валерьевич – «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ өкілі.
2. Қарабаев Дәурен Сапарәліұлы – «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ өкілі.
3. Мұқұшов Ардақ Жұмағұлұлы – «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ өкілі.
4. Густаве ван Меербеке – «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ өкілі.
5. Есқазиев Құрманғазы Орынғазыұлы – Компанияның бас директоры (басқарма төрағасы).
6. Филип Дэйер – тәуелсіз директор.
7. Аластэр Фергюсон – тәуелсіз директор.
8. Фрэнсис Соммер – тәуелсіз директор.

2017 жылғы 19 қыркүйекте Қарабаев Дәурен Қоғамның директорлар кеңесінің жаңа төрағасы ретінде сайланды.

2017 жылғы 19 қазандағы акционерлердің кезектен тыс жалпы жиналысының қортындылары бойынша Қоғамның директорлар кеңесінің мүшесі Гончаров Игорь Валерьевичтің өкілеттігі мерзімінен бұрын тоқтату, сондай-ақ Қоғамның директорлар кеңесі үшін жалпы белгіленген өкілеттік мерзімімен Қоғамның директорлар кеңесінің мүшесі етіп Карпушин Олег Вячеславовичті (акционер – «ҚазМұнайГаз» Ұлттық компания» АҚ өкілі ретінде) сайлау шешімі қабылданды.

2017 жыл ішінде директорлар кеңесі 38 мәжіліс өткізді, оның 10-ы қатысып отыратын және 28-і сырттай қатысу түрінде, оларда директорлар кеңесінің айрықша құзыретіне жатқызылған қаржылық, өндірістік және өзге де мәселелер қаралды.

Сондай-ақ, 2017 жылы Қоғамның акциялары оның негізгі активі болып табылатын қазақстандық және/немесе шетелдік қор биржаларында орналастырылған акциялар мен/немесе өзге де бағалы қағаздарды сатып алумен, қайта сатып алумен және/немесе делистингімен байланысты мәселелерді директорлар кеңесі жанындағы тәуелсіз комитет қарады, оның құрамына құрамына тек Қоғамның тәуелсіз директорлары кіреді.

Қоғамның директорлар кеңесінің аудит жөніндегі, сыйақылар жөніндегі, тағайындаулар және стратегиялық жоспарлау жөніндегі комитеттерінің жұмысы олар туралы ережелерге сәйкес жүргізілді.

Қоғам Басқармасы (бұдан әрі - Басқарма) атқарушы орган болып табылады, Қоғамның ағымдағы қызметіне басшылықты іске асырады.

2017 жылғы 28 маусымнан бастап Қоғамның директорлар кеңесі шешімінің негізінде басқарманың құрамына мынадай өзгерістер енгізілді:

- Басқарма мүшелері: Хасанов Дәулетжан Кеңесұлы мен Елеусінов Қайырбек Сағынбайұлының өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату шешімі қабылданды.

- Қоғамның қызметкерлері: Нұрғалиев Қуанышбай Жаумытбайұлы мен Найзабеков Бекмұрат Толбайұлын жалпы өкілеттік мерзімімен басқарманың мүшелері етіп сайлау туралы шешім қабылданды.

2017 жылы Басқарма ұдайы негізде және қажетіне қарай 31 мәжіліс өткізді. 2017 жыл ішінде басқарма Қоғамның операциялық қызметіне жататын және ішкі процедураларды, басқарулық тәуекел мәселелерін, сондай-ақ ішкі бизнес процестерді, тауарларды, жұмыстарды және қызметтерді сатып алудың жылдық жоспарларын, Қоғамның ішкі қызметін реттеуші процедураларды бекітуді реттейтін және белгілейтін ережелерді, нормаларды реттейтін неғұрлым маңызды мәселелерді қарады.

Қоғамның 2017 жылғы жылдық есебі www.kmger.kz адресіндегі корпоративтік веб-сайтта орналастырылған, сондай-ақ ол акционерлердің сұрауы бойынша ұсынылады.

Қоғам акционерлерінің қарауына мынадай шешім енгізілді:

Қоғамның жылдық есебін, директорлар кеңесі мен басқармасының жұмысы туралы жылдық есепті бекіту.

Мәселе дауыс беруге қойылды. Дауыс беруге қатысқан дауыстардың жалпы саны – 43 087 006 дауыс.

- «Қолдап» - 43 087 006 дауыс;
- «Қарсы» - дауыс берілген жоқ;
- «Қалыс қалды» - дауыс берілген жоқ

Жиналыстың шешімі қабылданды:

Қоғамның 2017 жылға жылдық есебін, директорлар кеңесі мен басқармасының жұмысы туралы жылдық есеп бекітілсін.

Күн тәртібінің **төртінші мәселесі бойынша** Қоғам Жиналысының төрағасы Д.С. Қарабаев корпоративтік қаржыландыру және инвесторлармен жұмыс департаменті директорының орынбасары Маралова Мирамгүл Болатқызына сөз берді.

М.Б. Маралова АҚ туралы заңның 35-бабының 2-тармағының 3) тармақшасына және Қоғам Жарғысының 49-тармағына сәйкес акционерлердің жыл сайынғы жалпы жиналысында акционерлердің Қоғам мен оның лауазымды тұлғаларының іс-әрекеттеріне арыздары және оларды қарау қорытындылары туралы мәселе қаралатынын хабарлады.

2017 жылы Қоғамның акционерлері – артықшылықты акцияларын ұстаушылардан мынадай арыздар келіп түсті.

2017 жылғы 4 желтоқсанда Қоғам өзі шығарған барлық ЖДҚ-ны бір ЖДҚ үшін 14,00 АҚШ доллары бағасы бойынша қайта сатып алу жөніндегі тендерлік ұсынысты іске асыру ниеті туралы жариялады. Мұндай жариялаудан кейін, 2017 жылғы 5 желтоқсанда ҚМГ БӨ-нің артықшылықты акцияларын ұстаушы – миноритарлық акционерлерден арыз келіп түсті, мұнда олар артықшылықты акциялардың келешегіне қатысты алаңдаушылық білдіріп, «артықшылықты акцияларды жай акциялардың немесе сол сияқты GDR-дың болжалды қайта сатып алу күніне дейінгі 30 күн ішінде қалыптасқан орташа бағадан төмен емес баға бойынша немесе қайта сатып алу күніне қалыптасқан қайта сатып алынатын акцияның баланстық құны бойынша қайта сатып алу мүмкіндігін қарауды» ұсынып отыр.

2017 жылғы 12 желтоқсанда Қоғам акционерлерге жауаптың жобасы бар хатты «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ-ға кейін Қоғамның Директорлар кеңесі Төрағасының атынан ҚР «Акционерлік қоғамдар туралы» 2003 жылғы 13 мамырдағы № 415-ІІ Заңының 53 бабының 2-тармағына сәйкес қоғамның орналастырылған акцияларды немесе басқа да бағалы қағаздарды қайта сатып алу мен оның бағасы туралы шешім қабылдау директорлар кеңесінің айрықша құзыретіне жататыны туралы түсіндірмесі бар ресми жауап жолдануы үшін жіберді. Хатта, сондай-ақ, ҚМГ БӨ Директорлар кеңесінің 2017 жылғы 8 желтоқсанда ҚМГ БӨ-нің барлық шығарылған ауқымды депозитарлық қолхаттарын қайта сатып алу жөніндегі шартты түрдегі тендерлік ұсынысты іске асыруды мақұлдағаны да атап өтілген, оған сәйкес ҚМГ БӨ Қазақстанның қор биржасынан артықшылықты акцияларды қайта сатып алуды және делистингін жүргізуге ниеті жоқ.

Бұдан әрі Қоғамның акционері Қоғамның артықшылықты акцияларының меншік иесі К.Х. Рахымжанов Қоғамның артықшылықты акцияларына қатысты Қоғамның және Қоғамның ірі акционері «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ-ның одан арғы іс-әрекеттері туралы ақпарат беруді өтінді.

Д.С. Қарабаев Қоғам заңнаманың талаптарына сәйкес, ақпараттардың барлық акционерлерге келіп түсуіне қарай ұсынылатынын айтты.

Қоғам акционерлерінің қарауына мынадай шешім енгізілді:

Ұсынылған ақпаратты мәлімет үшін қабылдау.

Мәселе дауыс беруге қойылды. Дауыс беруге қатысқан дауыстардың жалпы саны – 43 087 006 дауыс.

- «Қолдап» - 43 087 006 дауыс;
- «Қарсы» - дауыс берілген жоқ;
- «Қалыс қалды» - дауыс берілген жоқ

Жиналыстың шешімі қабылданды:

Ұсынылған ақпарат мәлімет үшін қабылдансын.

Күн тәртібінің **бесінші мәселесі бойынша** Қоғам Жиналысының төрағасы Д.С. Қарабаев сөз алды.

Д.С. Қарабаев АҚ туралы заңның 35-бабының 2-тармағына және Қоғам Жарғысының 49-тармағына сәйкес акционерлердің жыл сайынғы жалпы жиналысында директорлар кеңесінің төрағасы Қоғамның акционерлеріне Қоғамның директорлар кеңесі мен басқармасының мүшелеріне берілетін сыйақының мөлшері мен құрамы туралы хабарлайтынын айтты.

«ҚазМұнайГаз» Барлау Өндіру» акционерлік қоғамы директорлар кеңесі 2017 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша сегіз адамнан тұрды.

Қарабаев Дәурен Сапарәліұлы, директорлар кеңесінің төрағасы, «ҚазМұнайГаз» ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамының атқарушы вице-президенті – «ҚазМұнайГаз» Ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамының қаржы директоры.

Директорлар кеңесінің мүшелері:

Есқазиев Құрманғазы Орынғазыұлы, Қоғамның бас директоры (басқарма төрағасы)

Густаве ван Меербеке, мұнай-газ мәселелері жөніндегі тәуелсіз консультант, «ҚазМұнайГаз» ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамының өкілі;

Карпушин Олег Вячеславович, «ҚазМұнайГаз» ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамының өндіру, барлау және мұнай сервисі жөніндегі атқарушы вице-президенті;

Мүкүшов Ардақ Жұмағұлұлы, «ҚазМұнайГаз» ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамының құқықтық қамтамасыз ету жөніндегі вице-президенті;

Дэйер Филип, Қоғамның тәуелсіз директоры, Қоғамның директорлар кеңесінің аудит және тағайындаулар жөніндегі комитетінің төрағасы;

Соммер Фрэнсис, Қоғамның тәуелсіз директоры, Қоғамның директорлар кеңесінің Сыйақылар жөніндегі комитетінің төрағасы

Фергюсон Аластер, Қоғамның тәуелсіз директоры, Қоғамның директорлар кеңесінің Стратегиялық жоспарлау жөніндегі комитетінің төрағасы.

2017 жылы директорлар кеңесінің сегіз мүшесінің Қоғамның директорлар кеңесінің үш тәуелсіз директоры ғана Қоғамның директорлар кеңесіндегі жұмыс үшін сыйақы алды. 2017 жылы Қоғамның директорлар кеңесінің тәуелсіз директорларының есептелген сыйақының жалпы сомасы 377 908 мың теңге (оның ішінде ЖТС сомалары 10% мөлшерлеме бойынша) болды, оның ішінде: Филип Дэйер – 142 214 мың теңге, Эдвард Уолш – 33 639 мың теңге, Аластер Фергюсон – 127 357 мың теңге, Фрэнсис Соммер – 74 698 мың теңге.

Тәуелсіз директорларға сыйақы төлеу мөлшері мен шарттары 2017 жылғы 23 мамырдағы акционерлердің жылдық жалпы жиналысында және 2017 жылғы 19 қазанда акционерлердің кезектен тыс жалпы жиналысында белгіленді. Сыйақы жылдық сыйақыдан, директорлар кеңесінің іштей отырыстарына қатысу үшін сыйақыдан, директорлар кеңесінің отырыстарына телефон және бейнеконференц-байланыс бойынша қатысу үшін сыйақыдан, директорлар кеңесінің тәуелсіз мүшелерінің отырыстарға қатысу үшін сыйақыдан, Қоғамның директорлар кеңесінің аудит комитеті, сыйақы комитеті мен стратегиялық жоспарлау комитеті төрағасының міндеттерін орындау үшін сыйақыдан тұрады. Директорлар кеңесінің қалған мүшелері сыйақы алмайды, бірақ олардың директорлар кеңесінің мүшелері ретінде өз міндеттерін орындауына байланысты шығыстардың өтелуіне құқығы бар.

Қоғам басқармасы мүшелері сыйақысының мөлшері мен құрамы туралы ақпарат Қаржы есептілігінің депозитарийінде және Қоғамның Жылдық есебінде орналастырады.

Қоғам акционерлерінің қарауына мынадай шешім енгізілді:

Ұсынылған ақпарат мәлімет үшін қабылдансын.

Мәселе дауыс беруге қойылды. Дауыс беруге қатысқан дауыстардың жалпы саны – 43 087 006 дауыс.

- «Қолдап» - 43 087 006 дауыс;
- «Қарсы» - дауыс берілген жоқ;
- «Қалыс қалды» - дауыс берілген жоқ

Жиналыстың шешімі қабылданды:

Ұсынылған ақпарат мәлімет үшін қабылданын.

Күн тәртібінің **алтыншы мәселесі бойынша** Қоғам Жиналысының төрағасы Д.С. Қарабаев Қоғамның корпоративтік хатшысы Искаков Шыңғыс Ғабитұлына сөз берді.

Ш.Ғ. Искаков «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 36-бабының 1-тармағының 5) тармақшасына, Қоғам Жарғысының 103-тармағының 10) тармақшасына сәйкес директорлар кеңесінің сандық құрамын, өкілеттіктерінің мерзімін белгілеу, оның мүшелерін сайлау және олардың өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату, ол туралы ережені бекіту, сондай-ақ директорлар кеңесі мүшелерінің өз міндеттерін орындаған үшін оларға сыйақы мен шығыстарды өтеу мөлшері мен шарттарын белгілеу Қоғам акционерлерінің жалпы жиналысының айрықша құзыретіне жататынын хабарлады.

Қоғам Жарғысының 114-тармағына сәйкес директорлар кеңесі мүшелерінің саны (бос орындар болмаған жағдайда), оның ішінде тәуелсіз директорлар мен бас директорды (басқарма төрағасын) қоса есептегенде, кемінде 8 (сегіз) болуы тиіс.

Қоғамның директорлар кеңесінің ұсынымына сәйкес акционерлердің қарауына мынадай шешім шығарылады:

Директорлар кеңесінің сандық құрамы 8 (сегіз) адам болып белгіленсін.

Мәселе дауыс беруге қойылды. Дауыс беруге қатысқан дауыстардың жалпы саны – 43 087 006 дауыс.

- «Қолдап» - 43 087 006 дауыс;
- «Қарсы» - дауыс берілген жоқ;
- «Қалыс қалды» - дауыс берілген жоқ

Жиналыстың шешімі қабылданды:

Директорлар кеңесінің сандық құрамы 8 (сегіз) адам болып белгіленсін.

Күн тәртібінің **жетінші мәселесі бойынша** Қоғам Жиналысының төрағасы Д.С. Қарабаев Қоғамның корпоративтік хатшысы Искаков Шыңғыс Ғабитұлына сөз берді.

Ш.Ғ. Искаков «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 36-бабының 1-тармағының 5) тармақшасына, Қоғам Жарғысының 103-тармағының 10) тармағына сәйкес директорлар кеңесінің сандық құрамын, өкілеттіктерінің мерзімін белгілеу, оның мүшелерін сайлау және олардың өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату, ол туралы ережені бекіту, сондай-ақ директорлар кеңесі мүшелерінің өз міндеттерін орындаған үшін оларға сыйақы мен шығыстарды өтеу мөлшері мен шарттарын белгілеу Қоғам акционерлерінің жалпы жиналысының айрықша құзыретіне жататынын хабарлады.

Қоғамның директорлар кеңесінің ұсынымына сәйкес акционерлердің қарауына мынадай шешім шығарылады:

Директорлар кеңесі өкілеттіктерінің мерзімі – 1 (бір) жыл болып белгіленсін (2018 жылғы 22 мамырдан бастап 2019 жылдың 22 мамырын қоса есептегенде).

Мәселе дауыс беруге қойылды. Дауыс беруге қатысқан дауыстардың жалпы саны – 43 087 006 дауыс.

- «Қолдап» - 43 087 006 дауыс;
- «Қарсы» - дауыс берілген жоқ;
- «Қалыс қалды» - дауыс берілген жоқ

Жиналыстың шешімі қабылданды:

Директорлар кеңесі өкілеттіктерінің мерзімі – 1 (бір) жыл болып белгіленсін (2018 жылғы 22 мамырдан бастап 2019 жылдың 22 мамырын қоса есептегенде).

Күн тәртібінің **сегізінші мәселесі бойынша** Қоғам Жиналысының төрағасы Д.С. Қарабаев Қоғамның корпоративтік хатшысы Искаков Шыңғыс Ғабитұлына сөз берді.

Ш.Ғ. Искаков «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 36-бабының 1-тармағының 5) тармақшасына, Қоғам Жарғысының 103-тармағының 10) тармағына сәйкес директорлар кеңесінің сандық құрамын, өкілеттіктерінің мерзімін белгілеу, оның мүшелерін сайлау және олардың өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату, ол туралы ережені бекіту, сондай-ақ директорлар кеңесі мүшелерінің өз міндеттерін орындаған үшін оларға сыйақы мен шығыстарды өтеу мөлшері мен шарттарын белгілеу Қоғам акционерлерінің жалпы жиналысының айрықша құзыретіне жататынын хабарлады. АЖЖЖ өткізу туралы хабарлама 2018 жылғы 6 сәуірде «Казахстанская правда» және «Егемен Қазақстан» газеттерінде жарияланды (Қоғам Жарғысының 10.16-тармағына сәйкес). «ҚазМұнайГаз» Барлау Өндіру» акционерлік қоғамының директорлар кеңесі туралы ереженің» (Қоғам акционерлерінің жалпы жиналысы 2007 жылғы 30 қазанда бекіткен) (бұдан әрі – Директорлар кеңесі туралы ереже) 3.8-тармағына сәйкес акционерлер акционерлерге күн тәртібіне директорлар кеңесінің мүшелерін сайлау туралы мәселе қосылған акционерлердің жалпы жиналысын өткізу туралы хабарланған күннен бастап 15 күн ішінде директорлар кеңесіне кандидаттарды ұсыну туралы ұсыныстар енгізе алады. Директорлар кеңесі директорлар кеңесіне кандидаттар туралы ұсыныстарды акционерлердің танысуы үшін акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібінің мәселелері бойынша материалдарды дайындау аяқталатын күнінен кешіктірмей, бірақ кез келген жағдайда жиналысты өткізу күніне дейін 10 (он) күн бұрын енгізе алады.

Директорлар кеңесінің 2018 жылғы 11 мамырдағы шешіміне (№15 хаттама) сәйкес, Қоғамның директорлар кеңесінің Тағайындаулар жөніндегі комитетінің ұсыныстары мен ұсынымдары ескеріле отырып, мынадай кандидатуралар директорлар кеңесіне сайлауға ұсынылды және мақұлданды:

1. Есқазиев Құрманғазы Орынғазы ұлы – Қоғамның бас директоры (басқарма төрағасы);

2. Қуандықов Балтабек Мұханұлы – тәуелсіз директор ретінде;

3. Ертлесова Жәннат Жұрғалиқызы – тәуелсіз директор ретінде;

4. Жолтаев Герой Жолтайұлы - тәуелсіз директор ретінде;

5. Карпушин Олег Вячеславович – «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ өкілі ретінде;

6. Қарабаев Дәурен Сапарәліұлы – «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ өкілі ретінде;

7. Мүкүшов Ардақ Жұмағұлұлы – «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ өкілі ретінде;

8. Сырғабекова Әсия Нарыманқызы - «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ өкілі ретінде.

(Жоғарыда аталған кандидаттар туралы ақпарат қоса беріліп отыр)

Оған қоса, бір акционер - «ҚазМұнайГаз» ұлттық компаниясы» АҚ-дан Қоғамның директорлар кеңесінің мүшесі ретінде мына кандидатуралар ұсынылды:

1. Есқазиев Құрманғазы Орынғазы ұлы – Қоғамның бас директоры (басқарма төрағасы);

2. Қуандықов Балтабек Мұханұлы – тәуелсіз директор ретінде;

3. Ертлесова Жәннат Жұрғалиқызы – тәуелсіз директор ретінде;

4. Жолтаев Герой Жолтайұлы - тәуелсіз директор ретінде;

5. Карпушин Олег Вячеславович – «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ өкілі ретінде;

6. Қарабаев Дәурен Сапарәліұлы – «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ өкілі ретінде;

7. Мүкүшов Ардақ Жұмағұлұлы – «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ өкілі ретінде;

8. Сырғабекова Әсия Нарыманқызы - «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ өкілі ретінде.

ҚМГ ҰК-ден, кандидаттар туралы егжей-тегжейлі ақпарат (АҚ туралы заңның 44 бабының 2-тармағының, Қоғам Жарғысының 73, 115-тармағының талаптары және Қоғамның Корпоративтік басқару кодексінің талаптары мен Қоғамның директорлар кеңесінің тәуелсіз директорларын белгілеу критерийлері ескеріліп) қоса беріліп отыр.

«Акционерлік қоғамдар туралы» Заңның 54-бабының 3-тармағына сәйкес директорлар кеңесіне мүшелер сайлауды акционерлер директорлар кеңесіндегі бір орынға бір кандидат дауысқа түсуі жағдайын есептемегенде, кумулятивтік дауыс берумен дауыс беруге арналған бюллетендерді пайдаланып іске асырады. Осыған байланысты, бұл мәселе бойынша дауыс беру «бір акция – бір дауыс» ұстанымы бойынша іске асырылады.

Мәселе дауыс беруге қойылды. Дауыс беруге қатысқан дауыстардың жалпы саны – 43 087 006 дауыс.

- «Қолдап» - 43 087 006 дауыс;
- «Қарсы» - дауыс берілген жоқ;
- «Қалыс қалды» - дауыс берілген жоқ

Жиналыстың шешімі қабылданды:

Қоғамның директорлар кеңесінің мынадай құрамы сайлансын:

1. Есқазиев Құрманғазы Орынғазы ұлы – Қоғамның бас директоры (басқарма төрағасы);

2. Қуандықов Балтабек Мұханұлы – тәуелсіз директор ретінде;

3. Ертлесова Жәннат Жұрғалиқызы – тәуелсіз директор ретінде;

4. Жолтаев Герой Жолтайұлы - тәуелсіз директор ретінде;

5. Карпушин Олег Вячеславович – «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ өкілі ретінде;

6. Қарабаев Дәурен Сапарәліұлы – «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ өкілі ретінде;

7. Мұқұшов Ардақ Жұмағұлұлы – «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ өкілі ретінде;

8. Сырғабекова Әсия Нарыманқызы - «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ өкілі ретінде.

Күн тәртібінің **тоғызыншы мәселесі бойынша** Қоғам Жиналысының төрағасы Д.С. Қарабаев Қоғамның корпоративтік хатшысы Исакаов Шыңғыс Ғабитұлына сөз берді.

Ш.Ғ. Исакаов Қоғам Жарғысының 103-тармағының 10) тармақшасына сәйкес директорлар кеңесінің сандық құрамын, өкілеттіктерінің мерзімін белгілеу, оның мүшелерін сайлау және олардың өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату, ол туралы ережені бекіту, сондай-ақ директорлар кеңесі мүшелерінің өз міндеттерін орындаған үшін оларға сыйақы мен шығыстарды өтеу мөлшері мен шарттарын белгілеу Қоғам акционерлерінің жалпы жиналысының айрықша құзыретіне жататынын хабарлады.

Директорлар кеңесінің 2018 жылғы 11 мамырдағы шешіміне (№ 15 хаттама) сәйкес, Қоғам директорлар кеңесінің Сыйақылар жөніндегі комитетінің ұсыныстары мен ұсынымдары ескеріліп, директорлар кеңесінің мүшелеріне сыйақы берудің талаптары ұсынылды, олардың негізінде акционерлердің қарауына мынададай шешім шығарылды:

1. Директорлар кеңесінің мүшелері – тәуелсіз директорлар Қоғамның директорлар кеңесіне сайланған күннен бастап оларға сыйақы берудің мынадай мөлшері мен шарттары белгіленсін:

Қоғамның әр тәуелсіз директорына ай сайынғы сыйақы мөлшері 2 000 000 теңге (жеке табыс салығы және міндетті зейнеткерлік жарналар есептелместен).

2. «ҚазМұнайГаз» Барлау Өндіру» АҚ директорлар кеңесі мүшелерінің шығыстарын өтеу мөлшері мен шарттарын белгілейтін «ҚазМұнайГаз» Барлау Өндіру» АҚ ішкі құжаты бекітілгенге дейін «ҚазМұнайГаз» Барлау Өндіру» АҚ директорлар кеңесі мүшелерінің өз міндеттерін орындағаны үшін олардың шығыстарын өтеудің мынадай мөлшері мен шарттары белгіленсін:

1) тәуелсіз директорлар үшін олармен жасалған шарттардың талаптарына сәйкес белгіленеді;

2) директорлар кеңесінің қалған мүшелері үшін директорлар кеңесі мен оның комитеттерінің қызметіне байланысты мынадай шығыстар:

- тұрғын үй жалдау бойынша – іс жүзіндегі шығыстар бойынша;
- мәжіліс/кездесу орнына бару және өзінің тұрақты жұмыс орнына/тұрғылықты тұратын жеріне қайтып келу - бизнес – класс тарифі бойынша;
- әуежайдан/вокзалдан және әуежайға/вокзалға және отельден/отельге трансфер – іс жүзіндегі шығыстар бойынша;
- халықаралық (ұялы) байланысты, факсимильдік байланысты, бейнеконференцияларды, конференц-коллдарды пайдалану – іс жүзіндегі шығыстар бойынша.

Өтемақы «ҚазМұнайГаз» Барлау Өндіру» АҚ-ға шығыстарды растайтын құжаттар берілген жағдайда төленеді.

3. Қоғамның директорлар кеңесінің төрағасына жоғарыда аталған талаптарда Қоғамның атынан Қоғамның тәуелсіз директорларымен жасалатын шарттарға қол қою уәкілеттік берілсін.

Бұдан кейін Жиналыстың төрағасы Д.С. Қарабаев «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ-ның өкілі З.Б. Баянға осы мәселе бойынша ерекше пікірін білдіруі үшін сөз берді.

З.Б. Баян Жиналыс шешіміне Қоғамның тәуелсіз директорларының ай сайынғы сыйақыларының мөлшерін белгілеу бөлігінде өзгеріс енгізуді ұсынды, атап айтқанда, Қоғамның әр тәуелсіз директорының ай сайынғы сыйақы мөлшерін 1 000 000 теңге (жеке табыс салығы және міндетті зейнеткерлік жарналар есептелместен) етіп белгілеу.

Мәселе дауыс беруге қойылды. Дауыс беруге қатысқан дауыстардың жалпы саны – 43 087 006 дауыс.

- «Қолдап» - 43 087 006 дауыс;
- «Қарсы» - дауыс берілген жоқ;
- «Қалыс қалды» - дауыс берілген жоқ

Жиналыстың шешімі қабылданды:

1. Директорлар кеңесінің мүшелері – тәуелсіз директорлар Қоғамның директорлар кеңесіне сайланған күннен бастап оларға сыйақы берудің мынадай мөлшері мен шарттары белгіленсін:

Қоғамның әр тәуелсіз директорына ай сайынғы сыйақы мөлшері 1 000 000 теңге (жеке табыс салығы және міндетті зейнеткерлік жарналар есептелместен).

2. «ҚазМұнайГаз» Барлау Өндіру» АҚ директорлар кеңесі мүшелерінің шығыстарын өтеу мөлшері мен шарттарын белгілейтін «ҚазМұнайГаз» Барлау Өндіру» АҚ ішкі құжаты бекітілгенге дейін «ҚазМұнайГаз» Барлау Өндіру» АҚ директорлар кеңесі мүшелерінің өз міндеттерін орындағаны үшін олардың шығыстарын өтеудің мынадай мөлшері мен шарттары белгіленсін:

1) тәуелсіз директорлар үшін олармен жасалған шарттардың талаптарына сәйкес белгіленеді;

2) директорлар кеңесінің қалған мүшелері үшін директорлар кеңесі мен оның комитеттерінің қызметіне байланысты мынадай шығыстар:

- тұрғын үй жалдау бойынша – іс жүзіндегі шығыстар бойынша;
- мәжіліс/кездесу орнына бару және өзінің тұрақты жұмыс орнына/тұрғылықты тұратын жеріне қайтып келу - бизнес – класс тарифі бойынша;
- әуежайдан/вокзалдан және әуежайға/вокзалға және отельден/отельге трансфер – іс жүзіндегі шығыстар бойынша;
- халықаралық (ұялы) байланысты, факсимильдік байланысты, бейнеконференцияларды, конференц-коллдарды пайдалану – іс жүзіндегі шығыстар бойынша.

Өтемақы «ҚазМұнайГаз» Барлау Өндіру» АҚ-ға шығыстарды растайтын құжаттар берілген жағдайда төленеді.

3. Қоғамның директорлар кеңесінің төрағасына жоғарыда аталған талаптарда Қоғамның атынан Қоғамның тәуелсіз директорларымен жасалатын шарттарға қол қою уәкілеттік берілсін.

Күн тәртібінің мәселесі бойынша шешім қабылданғаннан кейін, Қоғам Жиналысының Төрағасы Д.С. Қарабаев акционерлерге жиналысқа қатысқандары үшін алғыс айтып және жиналысты жабық деп жариялады.

Қоғам Жиналысы 11 сағат 15 минутта жабылды.

Акционерлердің жалпы
жиналысының төрағасы

Д. Қарабаев

Акционерлердің жалпы
жиналысының хатшысы

Ш. Искаков

Есеп комиссиясының
мүшелері:

А. Әлиакпарова

А. Сүлейменова

А. Мұстафина

Қарапайым акциялардың
10%-нан астамына ие
акционерден

З. Баян